

«AUTO SPA»

КӨЛІК ЖУУ ЖЕЛІСІНЕ КЕЛУ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Құрметті клиенттер, «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және ондағы қызмет көрсету қағидаларымен танысып алыңыздар. Көлік жуу желісінде болуыңыз қауіпсіз және барынша жайлы болуы үшін «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және ондағы қызмет көрсету қағидаларын сақтауыңызды сұраймыз. Көлік жуу желісі тәртіп пен келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келушілер мен олардың іс-әрекеттерін тіркейтін бейнебақылау жүйесімен жабдықталған;

Қызмет көрсетуді бастамас бұрын көлік жуу желісінде бекітілген прејскурантқа сәйкес қызметтер мен жұмыстардың нақты тізімі бойынша Әкімшімен келісіп алыңыз.

Сіз тапсырыс берген қызметтер сапалы түрде және толық көлемде көрсетілуі тиіс.

Үздік түпкі нәтижеге қол жеткізу үшін біз қажетті материалдарды, құралдар мен технологиялық процесті таңдау құқығын сақтап қаламыз. Біз жұмыс барысында қолданатын барлық құрал мен материалдың сапасын және кәсіби қолдануға жарамдылығын растайтын қажетті құжаттары бар.

Көлік жуу бекетіне кірер алдында және қызмет көрсетуді бастамас бұрын клиент келесі әрекеттерді жасауға міндетті:

1. Лак-бояу жабынының, оптиканың, айналардың, әйнектердің (кетік, сызат), молдингтердің, аспалы жабдықтардың зақымдары, автокөліктің жаңа боялған не болмаса жуғыш құралдарға төзімсіз беттері туралы, сондай-ақ жуу мен басқа да қызметтерден кейін қандай да бір ақаулар мен жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін өз автокөлігінің сыртқы бөлігі мен салонындағы басқа да ерекшеліктер туралы ескерту. Автомашинаның зақымданғаны туралы одан арғы шағымдар Көлік жууда орнатылған бейнекескін жазбалары негізінде шешілетінін хабарлаймыз.

2. Автокөліктің салоны мен жүксалғыш бөлімшесіндегі материалдық құндылықтарды (акша, телефондар, құнды заттар және т.б. және т.с.с.) Әкімшіге көрсету. Түсінбестік болмауы үшін оларды өзіңізбен бірге алып кетуіңізді сұраймыз. Біз жұмыстарды бастағанға дейін Әкімшіге көрсетілмеген автокөлік ішіндегі құндылықтар үшін жауап бермейміз;

Егер қызмет көрсетілгеннен кейін клиент автокөлігімен көлік жуу бекеті шегінен шығып кетпесе, көрсетілген қызметтердің сапасына қатысты шағымдар автокөлік иесінің және Әкімшінің қатысуымен ғана қабылданады.

Біз автокөлікті жуғаннан кейін, автокөлік салонында жұмыстар жүргізгеннен кейін, салонды химиялық тазалағаннан (дымқыл тазалаудан) кейін оның электрлік және техникалық бөлігіндегі ықтимал проблемалар, сондай-ақ оны жуғаннан кейінгі қозғалтқышты іске қосу проблемалары үшін жауап бермейміз. Жағымсыз жағдайлар орын алмас үшін арнаулы сервис орталығында біз көрсететін қызметтерге қатысты автокөлігіңіздің ықтимал ерекшеліктері жөнінде алдын ала кеңес алғаныңыз жөн.

Заңды тұлғалармен және кәсіпкерлермен қызмет көрсету жөніндегі шартқа отырамыз.

Көлік жуу қызметтеріне жеңілдіктер және алдын ала жазылу мүмкіндігі берілуі мүмкін.

Алдын ала жазылған клиенттердің автокөліктеріне кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

Көлік жуу желісінде қауіпсіз әрі жайлы болу мақсатында осы «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және қызмет ондағы көрсету қағидалары» көлік жуу бекетінің үй-жайларындағы және/немесе аумағындағы барлық клиенттің жалпы жүріс-тұрыс тәртібін регламенттейді.

1. Көлік жуу бекетінің үй-жайына келушілер тек арнайы тағайындалған және жабдықталған кіру/шығу есіктері арқылы кіре алады және онда көлік жуу желісінің жұмыс істейтін уақытында ғана (жұмыс режимін ескеріп) бола алады;

2. Көлік жуу бекетіне келген кезде ескерту белгілеріндегі, нұсқағыштардағы, нұсқаулардағы немесе басқа да таңбалардағы талаптарды орындауға кеңес береміз;

3. Өз денсаулығыңызды/өміріңізді және өз мүлкіңізді өзіңіз қорғауыңыз керек. Көлік жуу бекетінің үй-жайларында және/немесе аумағында жеке заттарыңызды қалдырмауды өтініп сұраймыз, көлік жуу әкімшілігі қалдырылған заттар үшін жауап бермейді;
4. Өзіңізге және айналаңыздағы адамдарға қауіп төндірмейтіндей әрекет ету, зиян келтірмеу, құқықтар мен заңды мүдделерді бұзбау керек;
5. Кәмелетке толмаған балалар өздерінің денсаулығына, көлік жуу мүлкіне, оның жұмыскерлеріне, келушілерге және басқа да адамдарға зиян келтірмеуі үшін оларды қараусыз қалдырмауыңызды сұраймыз.
6. Көлік жуу бекеті әкімшілігінің, Сауда орталығының күзет қызметкерлерінің, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өкілетті тұлғалардың нұсқауларын назарға алу және орындау; Сауда орталығының әкімшілігі және/немесе күзет қызметкері талап еткенде немесе өрт сигнал беру жүйесі мен басқа да қауіп-қатерді хабарлау сигналдары іске қосылғанда, көлік жуу бекеті аумағынан кету;
7. Белгіленген өртке қарсы, лаңкестікке қарсы, қоғамдық, санитарлық қауіпсіздік талаптарын және Қазақстан Республикасының қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамада қарастырылған басқа да талаптарды орындау;
8. Көлік жуу бекеті жұмыскерлерін және/немесе Сауда орталығының күзет қызметкерлерін келушінің (келушілердің) немесе басқа тұлғалардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне залал келтіруге себеп болатын/болған іс-әрекеттер және/немесе оқиғалар және/немесе жағдайлар туралы дереу хабардар ету;
9. Сауда орталығының арнайы бөлінген және белгіленген орындарында ғана темекі шегу;
10. Сауда орталығының автотұрағында көлік құралдарын жабдықталған белгілердің талаптары мен шектеулеріне сәйкес қоюды сұраймыз. Велосипедтер мен өзі сырғанайтын құралдарды тек арнайы бөлінген орындарда қалдыру қажет;
11. Көлік жуу бекетіне және/немесе Сауда орталығына келушілер жол жүру ережелерін сақтауы тиіс. Көлік құралдарыңызды Сауда орталығының автотұрағындағы тұраққа қоюға арналған орындарында Сауда орталығының жұмыс кестесінде көрсетілгеннен ұзақ уақытқа қалдырмауды өтініп сұраймыз. Көлік жуу бекетінің және/немесе Сауда орталығының әкімшілігі жол жүру ережелерін бұзушылар туралы полиция қызметкерлеріне хабарлауға құқылы.

«AUTO SPA» КӨЛІК ЖУУ ЖЕЛІСІНЕ КЕЛУШІЛЕР ҮШІН МЫНА ӘРЕКЕТТЕР РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ

1. Өз денсаулығына, өміріне немесе қауіпсіздігіне, сондай-ақ айналасындағылардың денсаулығына, өміріне немесе қауіпсіздігіне қауіп төндіру;
2. Кәмелетке толмаған балаларды ересектердің қадағалауынсыз қалдыру;
3. Даулы жағдайлар тудыру, ұрысқа, төбелеске, басқа да құқыққа қайшы әрекеттерге бастамашылық ету, оларға қатысу, айналасындағы адамдарға агрессия көрсету, бұзықтық іс-әрекеттер жасау, өзге келушілер мен көлік жуу бекетінің жұмыскерлерін құрметтемеу және оларға тіл тигізу;
4. Жүгіру, секіру, мінуге арналмаған конструкцияларға немесе құрылыстарға (арақабырғалар, қабырғалар, бөгеулер т. б.) шығу;
5. Көлік жуу бекетінің үй-жайларында роликті коньки, өздігінен сырғанайтын құралдар, велосипед, скейтборд, скутер (гироскутер), сегвей және басқа да роликті және дөңгелекті техниканы тебу, себебі бұл қауіпті болады;
6. Көлік жуу бекеті мен басқа келушілердің мүлкін бүлдіру және/немесе бұзу немесе басқаша зақымдау;
7. Көлік жуу бекетінің қызметтік үй-жайларына немесе келушілерге кіруге тыйым салынған үй-жайларына кіру;
8. Көлік жуу бекетінің және/немесе Сауда орталығының үй-жайлары мен аумағында қоқыс шашу және қоқыс қалдыру;

9. Көлік жуу бекетінің аумағына (аумақтарына) алкогольдік және әлсіз алкогольдік ішімдіктерді алып кіру, ішу, кез келген есірткі заттарды, психотроптық заттарды немесе олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айналымы шектелген аналогтары мен прекурсорларын қолдану;
10. Көлік жуу бекеті және/немесе Сауда орталығы аумағында қаңғыру және (немесе) қайыр сұрау;
11. Көлік жуу бекеті үй-жайларына жетекші иттерден, сондай-ақ арнайы тасу құралдарындағы жануарлардан басқа жануарларды алып кіру;
12. Аталған заттар көлік жуу желісінде сатып алынған жағдайларды қоспағанда, өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін заттарды (тұтанғыш және жарылғыш заттар, қопарғыш заттар, оқ-дәрілер және т.б.) әкелу;
13. Көлік жуу бекеті және/немесе Сауда орталығы әкімшілігінің келісімімен көрсетілетін/сатылатын қызметтер мен тауарларды қоспағанда, көлік жуу бекетінің және/немесе Сауда орталығының үй-жайларында немесе аумағында косметикалық құралдар, кәдесыйлар, сусындар, тамақ өнімдерін, киім, жарнамалық бұйымдар және басқа коммерциялық тауарлар сатып алуды ұсыну және/немесе қандай да бір қызметтерді көрсету;
14. Көлік жуу бекеті және/немесе Сауда орталығы әкімшілігінің жеке жазбаша рұқсатынсыз көлік жуу бекетінің және/немесе Сауда орталығының үй-жайларында немесе аумағында жарнамалық үндеухаттарды, брошюраларды, буклеттерді және/немесе басқа да ақпараттық/жарнамалық материалдарды тарату;
15. Көлік жуу бекеті аумағында қандай да бір митингілерді, жиналыстарды және/немесе басқа да осыған ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру;
16. Жарнамалық акциялар, сауалнамалар, қол жинау және/немесе басқа акциялар ұйымдастыру, сондай-ақ көлік жуу бекетінің әкімшілігімен жазбаша түрде алдын ала келісілмеген басқа да қызметті жүзеге асыру;
17. Көлік жуу аумағындағы автокөліктердің салондарында жабылу (соның ішінде есік құлыптарын құлыптау арқылы), көлік жуу үй-жайларында тұрған автокөліктердің қозғалтқыштарын іске қосу;
18. Осындай фото- және (немесе) бейнетүсірілім өндіруші қызметтерін көрсету стандарттары аясында (соның ішінде автокөлікті беру процедурасы кезінде) жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, көлік жуу бекетінің әкімшілігі тарапынан алдын ала жазбаша келісімсіз және осындай жұмыскерлер мен келушілердің келісімінсіз көлік жуу бекеті жұмыскерлерінің және басқа да келушілердің әуесқойлық фото- және (немесе) бейнетүсірілімін, сондай-ақ аудиожазбасын жасау; Клиенттерімізге көлік жуу үй-жайлары мен аумағында тауарлардың (автокөліктердің, қосалқы бөлшектердің, аксессуарлардың және т.с.с.), прайс-парақтардың, буклеттердің, каталогтардың, брошюралар мен осыған ұқсас материалдардың фото- және (немесе) бейнетүсірілімін тек жеке мақсатта, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді сақтаған жағдайда жүргізуге рұқсат етіледі;
19. Көлік жуу бекетінің жұмыскерлері еріп жүрмесе және қауіпсіздік техникасы нұсқамасынан өтпестен, көлік жуу бекетінің аумағына келу және (немесе) онда болу;
20. Қызметтерге (жууға, аксессуарларға, техникалық сұйықтықтарға және сол сияқтыларға), көрсетілген қызметтерге (орындалған жұмыстарға) ақшалай есеп айырысуды көлік жуу желісінің кассасынан тыс жүргізу;
21. Жолаушыларды түсіруге/отырғызуға немесе басқа мақсаттарға арналған орындарға көлік құралдарын тұраққа қою.

АПАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМАЛДЫ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

1. Көлік жуу бекетінің, сондай-ақ Сауда орталығының үй-жайларында өрт сигнал беру жүйелері, автоматты өрт сөндіру жүйелері және аудиожүйелер (бұдан әрі Жүйелер) орнатылған, олар арқылы аудиохабарламалар, яғни келушілердің және/немесе басқа үшінші тұлғалардың үй-жайда апат немесе басқа төтенше жағдай орын алған кездегі әрекет ету жолы туралы хабардар ететін хабарламалар таратылады;

2. Осы Жүйелерді өшіруге, қалқалауға немесе қызметін басқаша шектеуге қатаң тыйым салынады. Осы Жүйелердің зақымдалғанын байқаған жағдайда бұл жөнінде көлік жуу бекетінің, сондай-ақ Сауда орталығының жұмыскерлеріне немесе Сауда орталығы күзетінің жұмыскерлеріне дереу хабарлау қажет;
3. Көлік жуу бекетінде төтенше жағдай орын алған кезде, мысалы, көлік жуу үй-жайларында өрт немесе жарылыс, табиғи апаттар немесе апаттық жағдайлар (қатты жел), диверсия немесе лаңкестік акт болған кезде, көлік жуу бекетіне келушілер Сауда орталығының күзеті, полиция, өрттен құтқару қызметі мен басқа да қызметтер жұмыскерлерінің және көлік жуу бекетінің әкімшілігі жұмыскерлерінің нұсқауларын орындауы керек.
4. Тұтану көзін немесе түтінді байқаған кезде, бұл жөнінде көлік жуу бекетінің немесе Сауда орталығы күзетінің жұмыскерлеріне және өрттен құтқару қызметіне дереу хабарлау керек;
5. Қараусыз қалдырылған күдікті заттарды, жарылғыш, химиялық немесе радиоактивті заттарды байқаған жағдайда, бұл жөнінде көлік жуу бекетінің немесе Сауда орталығы күзетінің жұмыскерлеріне дереу хабарлау керек. Сауда орталығы күзетінің және/немесе басқа қызметтің жұмыскерлері келгенге дейін қауіпті орынды қоршап, оқшаулау және залалсыздандыру бойынша ешбір әрекеттерді өз бетінше жасамау керек;
6. Көлік жуу бекетінің әкімшілігі ықтимал залалға және зиянға жол бермеу үшін көлік жуу бекеті жұмыскерлерінің, оған келушілердің қауіпсіздігіне, денсаулығына және өміріне қауіп төнсе, соның ішінде өрт, жарылыс, газ шығу және басқа да қауіп кезінде көлік жуу бекетін (немесе оның кез келген бөлігін) дереу, алдын ала ескертусіз жабуға құқылы.

КАРАНТИН РЕЖИМІ КЕЗІНДЕ КӨЛІК ЖУУ БЕКЕТІНЕ КЕЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Көлік жуу бекетіне, арнайы ертіп жүру қажеттілігі болмаса, мүмкіндігінше өзіңізбен адамдарды ертіп әкелмеуге кеңес береміз;
2. Суық тию белгілері болса және/немесе дене температурасы көтерілсе, көлік жуу бекетіне келуден бас тартуыңызды сұраймыз;
3. Өз қауіпсіздігіңіз және COVID-19 ауруының алдын алу үшін көлік жуу бекетіне келгенде әлеуметтік арақашықтықты сақтап, міндетті түрде бетперде тағу режимін бұзбауға кеңес береміз;
4. Сонымен қатар қол алыспауға кеңес береміз. Көлік жуу үй-жайына кірген кезде, қолыңызды антисептик құралмен зарарсыздандыруыңызға және температураны тексеруіңізге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және ондағы қызмет көрсету қағидалары» көлік жуу бекеті жасасатын жария шарттардың (сатып алу-сату, қызмет көрсету, аксессуарларды жеткізу және тағы сол сияқты) міндетті талаптарына жатады және «Auto Spa» көлік жуу желісінің барлық келушісіне қолданылады.
2. «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу фактісі арқылы келуші осы «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және қызмет көрсету қағидаларымен» келіседі, оларды қабылдайды және бұлтартпай орындауға міндеттенеді.
3. Сауда орталығының күзет қызметкерлері және/немесе көлік жуу Әкімшілері көлік жуу бекетінің жұмыскерлері мен оған келушілердің және/немесе үшінші тұлғалардың қауіпсіздігіне, сондай-ақ олардың денсаулығының, өмірінің, мүлкінің қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және ондағы қызмет көрсету қағидаларын» бұзу туралы хабардар етуге/ескертуге, келушілерден көлік жуу бекетінен кетуін өтінуге, сондай-ақ басқа да қажетті және заңды шараларды қолдануға құқылы. Қоғамдық тәртіпті және «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және ондағы қызмет көрсету қағидаларын» бұзылғанда, ол үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапкершілік көзделген.

4. Кез келген келуші осы «Auto Spa» көлік жуу желісіне келу және ондағы қызмет көрсету қағидаларымен» компанияның ресми сайтында, клиенттер аймағында және ресепшенде таныса алады.